СҰЛУЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

ҚОҒАМ

ҒАО МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

2-бетте

АЙМАҚ

АЛМАСЫН «ТҮЛКІБАС» БРЕНДІМЕН САУДАЛАУДА

3-бетте

АҚПАРАТ

ОРНЫ БӨЛЕК ОСТЕОПАТИЯ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №27 (1886) 8 наурыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ӘЙЕЛ – ШАҢЫРАҚТЫҢ ШЫРАҒЫ, ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Мемлекет басшысы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент салтанатты іс-шараға жиналған барша қауымды көктем мерекесімен шын жүректен құттықтап, әлемге сүйіспеншілікпен қарайтын, жан-жағына жақсылық шарапатын сыйлап жүретін әйелдер қауымына жылы лебізін жеткізді.

– «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Әйел – шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы. Ана–тіршілік пен берекенің бастауы, адамзат бойындағы бар ізгіліктің қайнар көзі. Ананың аялы алақаны мен шексіз мейірімі әр үйге жылылық береді. Салт-дәстүріміз бен ана тіліміздің бүгінгі күнге жетуі де, ең алдымен, аналардың арқасы. Өмірдің мәні де, тіршіліктің сәні де – сіздер! Сондықтан, бүгінгі мейрамда барша ер-азаматтар өздеріңізге ақ тілегін арнап, ықылас-ілтипатын білдіріп жатыр. Солардың ішінде мен де Мемлекет басшысы ретінде әйелдерге тілегімді, лебізімді айтып тұрмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар аз емес екенін алға тартып, олардың есімі ел шежіресіне алтын әріппен жазылғанын айтты.

– Тұмар мен Бопай ханымдардың, Домалақ ана, Зере және Ұлпан аналардың, Әлия, Мәншүк, Хиуаз секілді батыр қыздарымыздың аты ел жадында. Сіздерді ақылы мен ажары, даналығы мен даралығы келіскен қазақ әйелінің ізбасары деуге болады. Әйелдер қауымы күрделі кезеңдерде аянбай еңбек етті, Отанымыздың өсіп-өркендеуіне белсене атсалысты. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Бүгінде сіздер санасы сергек, ойы азат ұрпақ өсіріп, Отанымыздың өркен жаюына айрықша үлес қосып келесіздер. Қазақстанның сан түрлі салада жетістікке жетуіне қыз-келіншектеріміз мол еңбек сіңіруде. Бүгін Ақордаға шақырылған әйелдер арасында Отанымызға әр салада еңбек сіңірген білікті мамандар бар. Мен баршаңызға зор алғыс айтамын! – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аналары алаңсыз қоғамда балалар да бақытты өмір сүреді. Бұл ретте Президент елімізде әйелдердің құқығын қорғау, оларды қолдау бағытында жүргізіліп жатқан игі істерге айрықша тоқталды.

– Ана мен баланың жағдайы дұрыс болса, әлеуметтің жағдайы да дұрыс болады. Сондықтан болашағын ойлаған ел, ең алдымен, әйелдердің жағдайын жақсартуды ойлайды. Мемлекетіміз әйелдерді барынша қорғауға және жан-жақты қолдауға баса мән береді. Осы бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Менің тапсырмаммен отбасы институтын нығайтуды көздейтін маңызды шаралар қабылданды. Барлық аймақта қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсететін орталықтар ашылып жатыр. Көп балалы аналарды қолдаудың ұлттық моделі қалыптасты. Соның арқасында жыл өткен сайын көп балалы отбасылардың саны артып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір әйелдер түрлі салада табысты еңбек етіп жүргенін атап өтті.

– Мемлекеттік қызметшілердің жартысынан көбі – әйелдер. Білім беру, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың 70 пайыздан астамы да – әйелдер қауымы. Сондай-ақ олар төтенше жағдайлар, қорғаныс және құқық қорғау органдарында табысты жұмыс істеп жүр. Көптеген әйелдер лауазымды қызметтер атқарады, Сіздердің араларыңызда да табысты басшылар аз емес. Қыз-келіншектер бизнесте де жетістікке жетіп жүр. Бойларыңыздағы мақсаткерлік пен жасампаздық қуаты ең батыл бастамаларыңызды жүзеге асыруға көмектесіп келеді. Берік азаматтық ұстанымдарыңызды танытып, қоғамдық жұмысқа да жан-жақты атсалысасыздар. Маңызды бастамалар мен халыққа қажетті әлеуметтік жобаларды іске асырып жүрсіздер. Қай іспен айналыссаңыздар да жауапкершілікпен қарап, ұдайы оң нәтижеге қол жеткізіп келесіздер. Әлемдік додаларда топ жарып, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген аруларымыз да бар. Біз қажырлы еңбегімен, ерен ерлігімен танылған қыз-келіншектерді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздік жылдары өз саласының үздігі атанған 8 әйелге «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланып, білікті мамандардың мәртебесін көтеру үшін белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанына назар аударды.

– Мысалы, мемлекеттік марапаттар жүйесіне жаңадан тоғыз құрметті атақ енгізілді. Бүгін осындай екі марапатты алғаш рет тапсырылады. «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» атағы еңбек ардагері Ольга Шелудькоға берілді. Ал, өндіріс озаты Майра Ерманова «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» атанып отыр. Осындай нағыз еңбек адамдарына бүкіл ел болып құрмет көрсетіп, оларды жан-жақты дәріптеуіміз керек. «Жұмысшы мамандықтары жылының» түпкі мәні де – осы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы еліміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген, өз саласында жоғары жетістікке жеткен бір топ әйел азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

AKORDA.KZ.

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ АНАЛАР, АЯУЛЫ АРУЛАР!

Сіздер – әлемнің жарығы, тіршіліктің жүрегі, мейірім мен сұлулықтың символысыздар! Сіздер барда өмір мәнді, күн шуағы жылы, көктем шын мәнінде әсем.

Бұл күн – сіздердің нәзіктіктеріңіз бен қайсарлықтарыңызды, махаббаттарыңыз бен мейірімдеріңізді дәріптейтін ерекше мереке. Сіздердің күлімдеген жүздеріңіз – әлемнің ең көркем көрінісі!

Жүректеріңіз махаббат пен қуанышқа, жандарыңыз шаттық пен жылулыққа толы болсын! Сіздерге баянды бақыт, зор денсаулық, армандарыңыздың орындалуын тілейміз!

Мерекелеріңіз құтты болсын, асыл жандар!

Ізгі ниетпен,
«SALYQ TÁRTIBI» газетінің редакциясы.

ҚҰРЫЛЫС

САПА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Түркістан облысында салынып жатқан нысандардың құрылыс сапасы қатаң бақылауда тұр. Өткен жылы жоспардан тыс 416 тексеру жүргізіліп, тексерулер негізінде анықталған заң бұзушылықтар бойынша 950 хаттама толтырылды. Нәтижесінде, 290 миллион теңге айыппұл салынып, оның 262,7 миллион теңгесі өндірілді. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында айтылды.

Аймақ басшысы аудан, қала әкімдері мен тиісті сала басшыларына заңсыз құрылыстың алдын алу жұмыстарын жүйелеуді, мониторинг жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

– Облыс аумағында нысандарға рейдтік іс-шаралар ұйымдастырып, жұмыстарды күшейтіңіздер. Көше-көшені аралап, заңсыз құрылыстарды анықтаңыздар. Нақты сараптама жасап, шара қабылдаңыздар. Жұмыс нәтижесі анық көрініп тұру қажет. Түркістанның сәулеті мен келбетіне аса мұқият болыңыздар. Барлық нысан дизайн кодқа сай болуы қажет. Жауапты тұлғаларға бақылау жұмыстарын тұрақты жүргізуді тапсырамын. Заңға бағынбайтын мердігерлердің жұмысын тоқтатып, айыппұлдарды толық өндіріңіздер. Әлеуметтік нысандардың сапасына аса жауапкершілікпен қараңыздар, – деген Нұралхан Оралбайұлы жұмыс нәтижесін көрсетуге уақыт берді.

Жиында Түркістан облысының құрылыс бақылау жөніндегі басқармасының басшысы Айдос Исмаилов 2024 жылы атқарылған жұмыс қорытындысы туралы баяндап, алдағы жұмыс жоспарымен таныстырды. Оның мәлімдеуінше, облыс бойынша өткен жылы 3020 нысанның құрылыс-монтаж жұмыстары басталған. Оның ішінде, 986-сы – бюджеттік, 2034-і – жеке кәсіпкерлік есебінен. Басқарма мен аудан, қала әкімдіктері бірлесе облыс аумағындағы заңсыз салынған нысандарды анықтау бойынша тұрақты мониторинг жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, бюджет қаражаты есебінен салынған нысандарға 173,4 миллион теңге және жеке қаражат есебінен салынған нысандарға 116,6 миллион теңге айыппұл салынған.

Облыстағы жол құрылысы мен инженерлік инфрақұрылым желілері құрылыстарының сапасына жүргізілген бақылау нәтижесінде жол құрылысы бойынша 23 нысанға, газ жүйелері құрылысында 27 нысанға, ауызсу жүйелері құрылысында 9 нысанға, электр желілері құрылысында 8 нысанға айыппұл салынып, әкімшілік шаралар қабылданды.

Өткен жылы «ӘлемСтрой-1» ЖШС, «Саха-2005» ЖШС мердігер мекемелері лицензиясынан айырылды. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын сапасыз атқарған 36 мердігер мекемеге тиісті шаралар қабылданды. Одан бөлек, құрылыс-монтаждау жұмыстарын қадағалау барысында кемшіліктерге жол берген инжиниринг қызметін көрсететін аккредиттелген техникалық қадағалаушы 10 мекемеге қатысты шара қабылданды. Сондай-ақ 19 техникалық қадағалаушы тұлғаның сарапшы аттестаттары алты айға тоқтатылды. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер акредитация мен лицензиядан айыруға алып келеді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ

МҰНДРА–АСТАНА АЛҒАШҚЫ КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗЫ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы «Кедентранссервис» АҚ-ы Өзбекстанның «Узтемирйулконтейнер» АҚ және Түрікменстанның «ТКЛО» ААҚ-ымен бірлесіп, Үндістанның Мундра портынан Астана қаласындағы Сороковая стансасына керамикалық плиткалары бар жиырма футтық 12 контейнерді жөнелтті, – деп хабарлайды ҚТЖ баспасөз қызметі.

Алғашқы контейнерлік пойыз Иран, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан аумақтары арқылы өтеді. Маршруттың ұзындығы теңіз арқылы 1585 шақырымды және темір жолы арқылы 4300 шақырымды құрайды. Жеткізу мерзімі - Бандер-Аббас (Иран) портының жүктемесіне байланысты шамамен 25-30 күн.

«Кедентранссервис» мамандарының айтуынша, тасымалдау «Солтүстік - Оңтүстік» дәлізінің шығыс бағыты бойынша контейнерлік сервисті дамыту шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл дәліз жеткізу мерзімдерін, тауарларды тасымалдау шығындарын едәуір қысқартуға және елдердің экспорттаушылары мен импорттаушыларының мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ж. ҚАРЖАН.
Маңғыстау облысы.

ҮКІМЕТ

ҒАО МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Премьер-Министр Олжас Бектенов ҒАО-ның Еуропа және Орталық Азия бойынша өңірлік өкілі – бас директордың орынбасары Виорел Гуцумен кездесу өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылығы ұйымының (ҒАО) басшысы Цюй Дунъюй арасындағы қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жоспарлары талқыланды. Қазақстан – ҒАО әріптестік бағдарламасы шеңберінде бірлескен жобаларды іске асыруға назар аударылуда. Ұйымның еліміздегі портфелі 55 жобадан тұрады.

«Біз сіздермен кеше Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан елдері үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ орталығын құру туралы маңызды шешім қабылданғаннан кейін кездесіп отырғанымыз назар аудартады. Мемлекет басшысының бастамасын БҰҰ Бас Ассамблеясына мүше барлық ел бірауыздан қолдағаны қуантады. Бұл – жоғары сенім мен үлкен жауапкершіліктің белгісі. Бүгінгі диалог агроөнеркәсіп кешені мен су ресурстары саласындағы ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Қазақстан дәнді және майлы дақылдар өндіру мен экспорттау бойынша Орталық Азия өңірінде көшбасшы ел саналады. Біз ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді белсенді дамытып, жоғары деңгейде өңделген өнім үлесін 70 пайызға дейін жеткізуге ниеттіміз. Алдағы үш жылда АӨК-те құны 4,8 миллиард долларды құрайтын 600-ден астам инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл мақсаттарға қол жеткізуде ҒАО маңызды стратегиялық серіктес болып отыр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бүгінде азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексінде Қазақстан 113 ел ішінде 32-ші орында тұр. Отандық ауылшаруашылығы өнімдері 80 елге экспортталады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша агроөнеркәсіп кешенін қолдау бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде жалпы өнімнің өсімі 13,7 пайызды құрады.

Бас директордың орынбасары – ҒАО-ның Еуропа және Орталық Азия бойынша өңірлік өкілі Виорел Гуцу Қазақстанның агроөнеркәсіп секторындағы елеулі әлеуетін, ауылдық аумақтарды орнықты дамыту үшін ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстан инновациялық тәсілдер мен технологияларды енгізе отырып, ауылшаруашылығын дамытуға, сондай-ақ қаржыландыру мен инвестицияға қолжетімділікті жақсартуға белсенді ұмтылуда. Қазақстан 2018 жылғы шілдеде Қазақстан Үкіметі мен ҒАО арасындағы негіздемелік келісімді ратификациялады. «ҒАО-Қазақстан әріптестік бағдарламасы» осы келісімнің ажырамас бөлігі болып саналады. Қазақстанның Ауылшаруашылығы министрлігі қаржыландыратын ФҚӘБ-тың негізгі бағыттары азық-түлік қауіпсіздігін арттыру, агробизнесті цифрландыру, ресурстарды тұрақты басқару және экспорттық әлеуетті дамыту, бұл ауылдық аумақтардың орнықты өсуіне және ауыл тұрғындарының өмірін жақсартуға ықпал етеді», — деді Виорел Гуцу.

Сонымен қатар, су ресурстары саласындағы ынтымақтастықтың келешегі талқыланды. Қазақстан су шаруашылығы саласын ауқымды жаңғырту, оның ішінде жаңа 20 су қоймасын салу және кемінде қолданыстағы 15 су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 3,5 мың шақырымнан астам ирригациялық арналарды реконструкциялау және цифрландыру жүзеге асырылады. Кездесуге қатысушылар Каспий теңізіндегі экологиялық мәселені шешу ұзақмерзімді халықаралық өзара іс-қимылдың басым міндетіне айналуы тиіс екенін атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту және бірлескен бастамаларды табысты іске асыру үшін өзара іс-қимылды нығайтуға дайындық расталды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КЕЗДЕСУ

АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ АРУЛАРЫНА ҚҰРМЕТ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті. Кездесуде аймақ басшысы журналист аруларға гүл шоқтары мен сертификат табыс етіп, көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.

– Барша нәзік жанды келе жатқан көктем мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер – билік пен бұқара арасындағы алтын көпірсіздер. Қай-қайсыңыз да кәсіби мамансыздар. Еңбектеріңіз зор. Қарағанды журналистикасының мектебі қашаннан мықты. Қоғамға сіңіріп жатқан үлестеріңіз ауыз толтырып айтарлықтай. Отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге береке тілеймін, – деп құттықтауын жеткізген Ермағанбет Қабдулаұлы журналистерді емен-жарқын әңгімелесуге шақырды.

Телеарна, басылым, сайт, радиода қызмет істейтін журналистер аймақ басшысына өңірдегі өзекті мәселелер турасында сауалдарын жолдады. Шет ауданындағы жарық мәселесі бойынша жақын күндері кешенді шешім қабылданатынын жеткізді. Мұнымен қоса, бұралқы иттен келетін қауіп, оған қатысты қабылданатын тиісті шаралар жөнінде де мәлімдеді.

Сондай-ақ журналистер Қарағанды қаласының даму жоспарын сұрады. Өңір басшысы тек қана қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінің ғана емес, Майқұдықтың да инфрақұрылымын дамытуды көздеп отырғанын айтты.

– Жоспар көп. Бастысы, біз Көгілдір тоғандар мен Оңтүстік-Шығыс арасында спорттық кластер салу үшін 72 гектар жер бөлдік. Қарағандыға жаңа стадион қажет екендігі туралы көптен бері айтылып келеді. Маған тұрғындар тарапынан үнемі осындай сұрақтар түседі. Сондықтан біз жабық стадион, хоккей, конькимен сырғанау, мәнерлеп сырғанау және басқа да спорт түрлерімен айналысуға арналған көпфункционалды мұз айдыны кешенін саламыз, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қоса, әкім Қарағандының брендіне айналған «Қарағанды кәмпиттері» қайта өндірілетінін жеткізді. Жақында кондитер өнімін шығаратын кәсіпорын жұмысы жанданады.

БАҚ өкілдері редакцияларына тұрғындардан түскен қоңырау, хат иелерінің түрлі өтініш-сауалдарын жеткізді. Өз кезегінде аймақ басшысы бұл мәселелерді назарға алып, алдағы уақытта бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Кездесу соңында Қазақстан Журналистер одағы Қарағандыдағы филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов облыс әкіміне еркін форматта кездесу өткізгені үшін журналистердің атынан алғыс білдірді. Бірқатар әріптестерімізді одақтың Құрмет грамотасымен марапаттады.

Қ. БҮРКІТҰЛЫ.
Қарағанды облысы.

БРИФИНГ

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАРЫНША ҚОРҒАЛАДЫ

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіпов министрлікке қазақстандықтардан маркетплейстер арқылы сатып алуға қатысты көптеген шағым түсетінін, олар сатушымен кері байланыстың жоқтығына, зияткерлік меншік құқығын қорғауға, тауарлардың сапасына және басқаларға қатысты екенін айта келіп, ведомство жағдайды түзету үшін заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді.

Вице-министрдің айтуынша, Парламент Мәжілісінде тұтынушылардың электрондық саудадағы құқықтарын қорғауға бағытталған түзетулер қарастырылуда. Спикер онлайн сауданы дамыту факторларының бірі қойма және логистикалық инфрақұрылымдардың болуы болып табылатынын атап өтті.

- Трансшекаралық онлайн сауданы ынталандыру үшін Қытай тарапы «Trans Post» және Қазпошта бірлескен кәсіпорны шеңберінде Алматы облысында тарату орталығын және Алматы әуежайының аумағында заманауи мультимодальды қойма салу мәселесі пысықталуда. Меншікті инфрақұрылымы бар, ауданы 100 мың шаршы метр жаңа қазақстандық маркетплейс «TEEZ» іске қосылды, жобалық қуатқа шығу кезінде шамамен 10 мың жұмыс орны құрылады. Инвестиция 50 миллион долларды құрады. Сондай-ақ ағымдағы жылы «Ozon» және «Wildberries» маркетплейстері Астана мен Алматыда жалпы ауданы 29 мың шаршы метр болатын үш фулфилмент орталығын салу жоспарлап отыр, инвестициялар 101 миллиард теңгеден асады, - деген Әсет Нүсіпов электрондық сауда саласы жаңа жұмыс орындарын құруға, салық түсімдерінің өсуіне және инвестициялар тартуға ықпал ететінін атап көрсетті.

Сонымен қатар, онлайн сауданы дамыту мыңдаған кәсіпкер үшін, оның ішінде Қазақстан өңірлері үшін нарықтарды қолжетімді етеді. Бизнестің ұлттық және халықаралық деңгейге шығуына кедергілер азаяды және цифрландыруға және қаржылық операциялардың ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Астана қаласы.

БАСПАНА

ТАРАЗДА КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев баспана кілтін салтанатты түрде табыстап, халықтың көптен күткен қуанышты сәтіне ортақтасты.

- Мемлекеттің басым бағыттарының бірі – әлеуметтік осал топтағы отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету. Халықты тұрғын үймен қамту саясаты ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басты назарында, – деген Ербол Қарашөкеев қоныс той иелірінің шаңырағына шаттық, бақ-береке тілей отырып, пәтер кілті мен тұрмыстық техниканың сертификатын табыстады. Ербол Қарашөкеев халықпен бірге үйлерді аралап, сапасын тексерді. Бұдан соң үйдің маңына 20 түп ағаш отырғызылды.

Баспанаға 2012-2015 жылдары аралығында кезекке тұрған көпбалалы аналар, толық емес отбасылар, II топ мүгедектері, жетім балалар мен ҰОС ардагерлеріне теңестірілген азаматтар қол жеткізді. Олардың қатарында көпбалалы ана Мөлдір Шадманова да бар.

- «Өз үйім – өлең төсегім» деп ата-бабамыз тегін айтпаған. Ұзақ жылдар бойы күткен пәтерімізге қол жеткізіп отырмыз. Осы орайда Мемлекет басшысына, игі іске атсалысқан азаматтарға отбасымның атынан алғыс білдіремін! Барша баспанаға мұқтаж отбасыларға осындай бақыт бұйырсын! – дейді ол.

«Ұлы дала» шағынауданында орналасқан №26 үйдің жалпы ауданы 9600 шаршы метрді құрайды. 160 пәтерлі (2 бөлмелі) көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын «Aulet Stroy Taraz» ЖШС-сы жүргізген.

Айта кетейік, Жамбыл облысында биыл 765 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. 2024 жылы 1159 пәтерлі 26 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілген болса, биыл 2390 пәтерлі 50 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілетін болады. Сонымен бірге, тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 4,9 миллиард теңгеге 361 пәтер сатып алынады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАБЫЛДАУ

ЖҮЗДЕН АСТАМ ӨТІНІШ ҚАРАЛДЫ

Шымкент қалалық әкімдігінде тұрғындар мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік беретін маңызды қарым-қатынас форматы - азаматтарды кезекті қабылдау өтті. Күні бойына қала әкімі мен басқарма басшылары жүзден аса тұрғынды қабылдады.

Қала тұрғындары түрлі салада аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, жолдарды жөндеу, коммуналдық қызметтер, әлеуметтік қолдау, тұрғын үй бөлу және жер қатынастары мәселелерін көтерді. Мегаполис басшысы әрбір өтінішті мұқият қарастырды. Бірқатар мәселе бойынша сол жерде түсініктемелер берілді. Сала басшыларына зерделеуді қажет ететін сұрақтардың шешімін қысқа мерзімде қарастыруды тапсырды.

Айта кету керек, бірде бір өтініш назардан тыс қалған жоқ. Мұндай кездесулер тұрғындармен тікелей байланысып, қаланың тыныс-тіршілігін жақсартып, маңызды шемімдер шығаруда маңызды.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АГРОСАЛА

АЛМАСЫН «ТҮЛКІБАС» БРЕНДІМЕН САУДАЛАУДА

Түлкібас ауданындағы «Кен-Тау» ЖШС 2012 жылдан бері алма өсіреді. Қазір серіктестіктің қарқынды бау көлемі 240 гектарға жетті. Былтыр олар 4700 тонна алма жинады.

Серіктестік алманың 22 сортын өсіреді. Қоймада сақталған алма «Түлкібас» брендімен арнайы қораптарға салынып, еліміздің түкпір-түпкіріне жөнелтіліп жатыр. Сұраныс та жоғары.

Жылына шамамен 4-6 мың тонна өнім жинайтын серіктестік 2018 жылы сыйымдылығы 2200 тонналық соңғы үлгідегі заманауи қойма салып алған болатын. Бұл қоймада сатылғаннан артылған алма сақталады.

Тау баурайындағы шаруашылықтарда жеміс-жидектің барлық түрі өседі десе де болады. Ендеше, маңайдағы басқа да шаруашылықтардың өнімдерін сақтайтын орын керек. Сондықтан қажеттілікке байланысты биыл қосымша 2 мың тонналық қойма салуды жоспарлап отыр. Жоба құны 1,5 миллиард теңгені құрайды. Оның 1 миллиард теңгесі - несие қаражаты, 500 миллион теңгені өз қалталарынан шығармақ. Құрылыс жұмыстары күн көзі жылт етісімен-ақ басталады деп жоспарлануда.

Аудан әкімі Асқар Естібаев кәсіпкердің жаңа бастамасын қолдап отыр. Аудан бойынша осындай қоймалардың көп болғаны артықтық етпейді.

Ә. БИБОЛАТ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың студенті.
Түркістан облысы.

ИНВЕСТИЦИЯ

ЖҰМЫСҚА НЕГІЗІНЕН ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР ТАРТЫЛУЫ ТИІС

Газетіміздің өткен 4 наурыздағы нөмірінде Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің Қытайдың жетекші металлургия компанияларының бірі «Fujian Hengwang Investment Co.,Ltd» компаниясының басқарма төрағасы Цзэн Чжаоцянмен кездескенін жазған едік. Онда Жамбыл облысындағы «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағы аумағында қуаты 3 миллион тонна болат өндіретін металлургия комбинатын салу жобасына баса назар аударылғанын сөз еттік. Қытайлық инвестордың жалпы инвестиция сомасы 1,2 миллиард долларға бағаланғанын, жоба шеңберінде 2,5 мың жұмыс орны ашылатыны жоспарланған. Құрылыс жұмыстары көп күттірмей, алдағы сәуір айында басталатын көрінеді.

Өңірден осындай ауқымды жоба жүзеге сәтімен асатын болса, жұмысқа бірінші жергілікті тұрғындар тартылса дейміз. Облыс аумағының жерін беріп, Қазақстанның өндірісті өңірлері Қарағанды, Қостанай және Ұлытау облыстарында өндірірелетін табиғи газ, темір рудалары және ақтас пайдалынатын болған соң, қазақстандықтарды, оның ішінде жамбылдықтар жұмысқа тартылуы тиіс.

Кездесуде Үкімет басшысының «Жобаның біз үшін маңызы зор. Бұл – еліміздің экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашатын маңызды бағыт. Инвестициялық жобаларды жедел іске асыру үшін Қазақстан Үкіметі жанынан Инвестициялық штаб жұмыс істейді. Үкімет сіздің жоспарларыңызды толығымен қолдайды және оларды жүзеге асыру үшін тиісті қолдау көрсетеді», дегенін еске алсақ, қытайлық инвестор жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға қарсы бола қоймас. Жоба аясында 2500 жұмыс орны ашылатынын ескерсек, бұл дегеніңіз үлкен жұмыс күші. Үкімет жанынан жұмыс істейтін Инвестициялық штаб пен облыстық әкімдіктің назарында болатын бірінші мәселе - осы.

Оған облыста білікті мамандар жеткілікті. Мәселен, өңірдегі тіпті, Қазақстандағы іргелі кәсіпорындардың бірі «Казфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің зауыттарында, кен орындарында, басқа да құрылымдарында мыңдаған жергілікті тұрғындар еңбек етуде. Тау қопарып, тас жарған жамбылдықтар қандай жұмысты болмасын игеріп алып кетеді. Тараз қаласындағы техникалық жоғары және арнаулы оқу орындарының түлектері ішінен қытайлық жобаны жүзеге асыруға мамандандырылған түлектер де шығады.

Үкіметтің қолдау, көмегімен облыста ауқымды жоба жүзеге аспақ екен, мұндай мүмкіндікті қалт жіберуге болмайды. Егерде жоба сәтімен жүзеге асып, іске қосылып жатса, онда жамбылдық жұмысшы-қызметкерлер еңбек етсе, биылғы «Жұмысшы мамандықтарының жылына» бұл үлкен тарту болмақ.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЕСКЕЛДІДЕ ЕТІКШІ ДЕ ТАБЫСТЫ КӘСІП

Тілшілер қауымы Ескелді ауданына ұйымдастырылған баспасөз туры аясында жаңашыл кәсіпкерлік нысандардың біршамасын аралап, жұмысымен таныстық. Бұл өңірде шағын кәсіпкерлік өрістеп келе жатқанына көз жеткіздік.

«Дюсенбинов А. К.» шаруа қожалығы аудандағы ірі ауылшаруашылық өнім өндірушілердің бірі. Бүгінде құрылым егін егумен қатар, мал шаруашылығын да түлетіп отыр. Төрт түлік өсіруде ауданда алдына қара салмайды. Қазір қожалық көктемгі дала жұмысына қызу дайындыққа көшкен. Өткен жылы алған техникаларының май, суын тексеріп, ескіргендерін жаңалауда. Шыны керек, механизаторлар тынымсыз еңбек етуде. Себебі, олар «Қыс арбаңды, жаз шанаңды сайла» тәмсілін санаға әбден тоқыған. Сонымен қатар, тұқым қамдау, тыңайтқыштар алу сынды жұмыстарды атқаруда. Шаруашылық мамандары далада дүбір туындататын егін егу маусымына сақадай сай.

Ауылшаруашылық тауарларын өңдеуде «Ким» шұжық цехы өз беделін әбден қалыптастырған өндіріс орны. 20-дан аса тұрғынды жұмыспен қамтып отырған нысан бүгінде өнімнің бірнеше түрін шығарады. Қақталған ет, шұжық және құс етін облыс тұрғындары сүйсіне тұтынады. Бүгінде бұл цехтан шұжықтың 50-ден аса түрі, қақталған қой еті, шошқа еті және сүйегінен ажыратылған тауық еті дайындалады. Өндіріс орны мамандарының айтуынша, көпшіліктің сұрауымен қазақы бренд қазы да жасалуда. Қазір көпшілік құс етіне сұранысты арттырған. Нәтижесінде өндіріс орны облыстағы «Алель» АҚ, «Алатау-Құс» АҚ құс фабрикаларынан бройлер етін көп қабылдауда. Шұжық цехы өкілдері тұтынушыларды таза һәм сапалы өніммен қамту үшін дәл осындай мойындалған фабрикалармен байланыс орнатқан. Сонымен қатар,

мұндағылар тұтынушылар үшін сауда-саттық аясын кеңейтіп, еліміздің әр жерінен сауда нүктесін ашуды да орайластыруда.

Ауылшаруашылығы өркендеу үшін білікті мамандар аса қажет. Осы орайда Жастар ауылында орналасқан «Көксу» ауылшаруашылық колледжі сұранысқа сай маман даярлауға көшкен. Биыл 150 жылдық мерейлі мерекесін тойламақшы оқу орны қазірдің өзінде 497 студентті білім нәрімен сусындатуда. 5 мамандық бойынша білім алушылар облыс көлеміндегі шаруашылықтарда, зауыттарда өндірістік тәжірибеден де өтіп, ірі құрылымдардан алғыс та алып жүр. Дейтұрғанмен колледж биыл күзде «техник-электроник» және «сити-фермер» жаңа мамандықтары үшін студенттер қабылдамақ. Ол үшін оқу орны қазірдің өзінде база жасақтауға көшкен. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауына орай ашылғалы отырған қос мамандық бойынша да ауданда кадр сұранысына қолайлы болмақ. Колледж басшылығы кәсіби жетілген мамандар даярлауға оқу орнының толық әлеуеті жететінін, оқытушы құрамның да жеткілікті екенін алға тартуда.

Мұнан кейін БАҚ өкілдері Қарабұлақ ауылында құс атаулыны кәсібіне арқау еткен «Гауһар» құс шаруашылығына атбасын бұрды. Құс өсіруші Роза Орақбаеваның кәсіп бастағанына көп бола қоймапты. Мемлекеттік қаржылық грантқа былтыр ғана қол жеткізген. Содан бері тауық, үйрек, қаз және үндік өсіруге шындап кіріскен. Кәсіпкердің айтуынша, қыс бойы ет бағытында өнім шығарыпты. Қазір бұл бағытты тоқтатқан. Себебі, нәзікжанды кәсіпкер құстың санын көбейтуді ойлап отыр. Сол үшін жұмыртқа жинауда. Күн нұры жерге шуағын молынан шаша түсетін сәтте балапан өргізбек. Себебі, Роза Орақбаева үш инкубаторын сақадай сай даярлап қойған. Сонымен қатар, кәсіпкер құс жұмыртқасын балапан шығарамын дегендерге де сатуды қолға алмақ. Қазірдің өзінде қаз тұқымындағы ең ірі тұқым саналатын губернаторлық су құсының жұмыртқасын 900 теңгеге бағалауда. Айтуынша, нарықтағы бағадан төмен болғасын жұрт жұмыртқаны талап алуда.

Ескелді ауданында ерінбегеннен етікшіге айналған Тілек Нағызхан есімді азамат тұрады. Қарабұлақ ауылындағы шағын цехында Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұтынушысы бар талапты азамат кәдімгі аяққиім тігумен айналысады. Күніге 300-ге жуық жұп аяққиім даярлайтын Тілектің жанында екі тігінші бар. Екеуі де Өзбекстан азаматы. Олар тек тігуге емес, Тілектің өнерін үйренуге де келіпті. Айтуынша, арнайы сауда нүктесін ашпаса да, шағын цехта даярланған өнімді әлеуметтік желі арқылы сатып келеді. Себебі, етікші сапалы шикізатты Түркия мен өз елімізден алады.

Д. САДЫҚ.
Жетісу облысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

КӘМШАТ КӘСІБІН КЕҢЕЙТПЕК

Өткен жылы Арқалық қаласы бойынша 17 адам мемлекеттен қайтарымсыз грант алған. Солардың бірі - Арқалық қаласына қарасты Родина ауылының тұрғыны Кәмшат Бегалықызы.

Ол әубастан аспаздықпен айналысып келе жатыр. Бұған дейін өз қолымен дайындаған тәттілерін отбасы, туғантуыстарына бөлісумен шектеліп келген ол бүгінде мемлекеттен қайтарымсыз грант иеленіп, көптен көкейде жүрген арманын жүзеге асыра бастады.

«Былтыр бизнес жобамды сәтті қорғап, 1476000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алдым. Осы қаражатқа пеш, қамыр илеуге арналған құрылғы, нан пісіретін қалыптар сатып алып, өз кәсібімді бастап кеттім. Көп уақыт бола қоймаса да қазірдің өзінде мерекелік шағын рәсімдерге тәттілер мен нан өнімдеріне тапсырыс қабылдап жатырмын. Сүйікті кәсібімді бастауға қолдау білдіріп, қаражат берген мемлекетімізге алғысым шексіз», – дейді Кәмшат Әбілова.

Кәсіпкер алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, қала нарығына шығуды көздеп отыр.

М. ЖҮНІСҰЛЫ.
Қостанай облысы.

ШАҒЫН БИЗНЕС

КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН

Райымбек ауданы Қайнар ауылындағы «Сафи тәттілері» кондитерлік өнімі жайлы естуіңіз бар ма? Иә, иә, Сафи тәттілері! Бұл – Фариза Ақылбекқызының қолынан шыққан, дәмі тіл үйіретін кондитерлік өнімдер.

Бүгінде кәсіп ашамын деген жанға мүмкіндік мол. Міне, сондай табыс көзін тауып, өз мүмкіндігі мен қабілет-қарымын орайлы жүзеге асыра білген жанның бірі – Кеген ауданының тумасы Фариза Молдабергенова. Д.Қонаев атындағы колледжді банк ісі мамандығы бойынша бітірген маман қалай кондитерлік өнімдер даярлайтын кәсіпкерге айналды дейсіз бе? Фариза Ақылбекқызы Райымбек ауданы Қайнар ауылының азаматына тұрмысқа шығады. Алғашқы ұлы дүниеге келген соң, оның туған күнінде өз қолынан торт пісірмек болады. Тұңғышының туған күніне әзірлеген торты өзінің де, өзгелердің де көңілінен шығып, жас ананың кондитерлік өнімдер дайындауға қызығушылығын оятады. Ол бос уақытында тәттінің түр-түрін пісіріп, машықтанады. Оны сатып, табыс табуды да ойлайды. Бірте-бірте Фаризаның өнімдері алыс-жақын ауылдарға мәлім болып, тұтынушылар саны көбейе түседі. Осылайша, кәсіпкердің үлкен кәсіпке деген алғашқы қадамы торт, бәліш, тоқаш пісіруден басталады.

Фаризаның тәтті пісіруге деген қызығушылығы үлкен мақсатқа айналып, аудан көлемінде ірі тапсырыстар қабылдайды. Кәсібін дамыту үшін «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқып, сертификатқа ие болады. 2021 жылы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасынан 200 АЕК көлемінде грант ұтып алып, тұрақты жеке кәсіпкер ретінде жұмысын жалғастырады. Өткен жылы Нарынқол ауылында «Бір ауыл–бір өнім» жобасы аясында ұйымдастырылған көрмеде өз өнімін таныстырып, нәтижесінде Қонаев қаласында өтетін облыстық көрмеге жолдама алады. Облыстық көрмеде 70 кәсіпкердің ішінен үздік ондық қатарына ілінеді. Аталмыш ондықтың ішінен шын үздіктерді тағы іріктейді. Шеберлігімен көш бастаған Фариза бұл жолы да үздік үштік қатарынан көрінеді. Ол өз өнімін нәтижелі қорғап, ақырында 5 миллион теңгелік грант иегері атанады.

«Еңбек – бәрін жеңбек», демекші, тынымсыз тіршілік пен ізденістің арқасында мемлекеттің қолдауына ие болып, кәсібін дөңгелетіп отырған нәзік жанның алға қойған мақсаты да биік. Биыл Қайнар ауылынан кондитерлік цех ашуды мақсат етіп отыр. Кондитерлік цех ашар болса, 3-4 адамды жұмыспен қамтып, игілікті іс жасайтыны тағы бар. Кәсіпкердің ойға алған жоспары сәтті орындалса, аудан дүкендерінен «Сафи тәттілерін» жиі кездестіретін боламыз.

Фариза – тек кәсіпкер емес, үлкен әулеттің келіні, көпбалалы ана, адал жар. Бір қуантатыны, ауданда үй шаруасы мен іскерлікті қатар алып жүретін арулар қатары көбеюде. Мұның сыры – отбасылық қолдауда. Кәсіпкердің жұбайы Айбек келіншегінің әр бастамасына қолдау білдіріп, әркез жанынан табылады. Бала тәрбиесіне жәрдемдесіп, ақылын айтып, бағыт-бағдар нұсқайтын екінші анасы Советай Құдиярбекқызының да көмегі зор. Енесінің қолдауы келіні Фариза үшін үлкен шабыт пен қуат көзі сынды.

Кәсіптің көзін тапқан Фаризаның еңбегі жанып, ойына алған ісі орындаларына кәміл сенеміз. Өйткені, шын талаптанған жан мақсатына жетпей қоймасы анық.

А. БИЖАН.
Алматы облысы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ОРНЫ БӨЛЕК ОСТЕОПАТИЯ

Остеопатияның негізі қаланғанына 130 жылдан асты. Ал, Қазақстанға келгеніне көп уақыт өте қойған жоқ. Оны аутизм, ДЦП, эпилепсия, сколиоз диагнозы қойылған, постравмалық, постинфекциялық жағдайдағы, омыртқа, бас және ішкі органдарға қатысты шағымданған науқастарға қолданады. Балалар остеопаты, травматолог-ортопед, реабилитолог, медицина ғылымдарының магистрі Олжас Ахметовтан адамды дәрі-дәрмексіз емдеудің ерекшелігі туралы сұраған едік.

– Адамды дәрімен емес, саусақпен емдеу остеопатияның артықшылығы сияқты. Бұл бір жағы халық еміне келіңкірейді екен. Екеуінің басын ашып алайықшы. Остеопатия деген не, сіздерге кім қандай ауру түрлерімен жүгіне алады?

– Остеопатия – медицинаның адам ағзасындағы құрылымдық және функционалдық тепе-теңдікті қолмен реттейтін бағыты. Біздің басты мақсатымыз–дененің өзін-өзі қалпына келтіру қабілетін ояту. Бұл әдіс халық еміне ұқсағанымен ғылыми негізге сүйенеді. Остеопатия анатомия, физиология, неврология сияқты классикалық медицинаның терең білімін талап етеді.

Бізге көбіне кеш дамып келе жатқан балалар (ЗПР, ЗРР), аутизм спектрі бұзылысы (АСБ), церебралды сал ауруы (ДЦП), гипоксия салдары, босану жарақаттары, мойынның қисаюы (кривошея), тіпті іш қату, ұйқы бұзылысы, мазасыздық сияқты мәселелермен келеді. Әр балаға кешенді түрде қарап, оның жүйке, бұлшықет және сүйек жүйесінің үйлесімді жұмыс істеуін реттеуге тырысамыз.

– Остеопатияның қысқа курсын оқып алып та адам емдеп жүргендер бар екен. Өзіңіз қайда білім алдыңыз? Бұл сала несімен қызықтырды?

– Остеопат болу үшін медициналық базалық білім маңызды. Өйткені біз жүйке жүйесімен, бұлшықеттермен, сүйек-буын құрылымдарымен жұмыс істейміз. Өзім медицина саласында 15 жылдан бері қызмет етіп келе жатырмын. Остеопатияға келуімнің басты себебі – жеке тәжірибем. Тұңғыш қызым 30 апталық болып дүние есігін ашты. Оның денсаулығын жақсарту үшін түрлі медициналық әдістерді зерттей бастадым. Остеопатияның балаларға әсерін көріп, оны тереңірек меңгеруге бел будым.

– Қызыңызға көмектесе алдыңыз ба?

– Иә, Аллаға шүкір! Қызым өмірге келгенде салмағы 1400 грамм ғана болатын. Босандыру палатасынан бірден реанимацияға түсті. Өзім дәрігер болғандықтан егер оған қазір көмектеспесем, соңы неге ұласатынын жақсы түсіндім. Сондықтан баламның денсаулығын жақсартудың, оны қолдаудың мүмкін жолдарын іздей бастадым. Осылайша остеопатиямен танысып, бұл саланың қаншалықты тиімді екеніне тәжірибемде көз жеткіздім. Қызымның жағдайын жақсартуға септігім тиді. Бұл менің остеопатияға қызығушылығымды арттырып, осы жолды таңдауыма себеп болды. Қазір де дәл осындай қиындықтарға тап болған ата-аналар мен олардың балаларына көмектесуге барымды салып келемін. Үздіксіз оқып, біліктілігімді арттырып жүрмін.

– Жақсы болған екен. Балалармен жұмыс істеудің қиындығы сол, өздері я тілі шықпаған, я жарытып ештеңе айта алмайды. Тәжірибеңіздегі есте қаларлық бір-екі жайтты айтып берсеңіз. Балалардың ата-аналары аурудың көбіне қандай сатысында жүгінеді?

– Балалармен жұмыс істеу – үлкен жауапкершілік. Олар не мазалап тұрғанын нақты айта алмайды. Сондықтан біз олардың дене белгілеріне, қимылына, эмоцияларына назар аударамыз.

Бірде анасы үш жасар баласын алып келді. Бала сөйлемейді, көзге тіке қарамайды, жиі ашуланады. Ата-анасы уақыт өте өзі сөйлеп кетеді деген оймен күтіп жүре берген. Баланы тексергенде оның мойын аймағы қысылғанын анықтадық. Соның салдарынан миының кейбір бөліктерінде қан айналымы дұрыс жүрмей тұрған. Бірнеше сеанстан кейін бала назар аударып, есті бастағандай болды. Бір айдың ішінде алғашқы сөздері пайда болды.

Ата-аналар бізге баланы көбіне кеш алып келеді. Өйткені, өскесін өзі-ақ қояды ғой деп ойлайды. Бірақ, баланың дамуында қандай да бір ерекшелік байқалса, уақытты текке жоғалтпай, маманға жүгінген жөн.

– Осы күндері ДЦП, аутизм, ЗПРР сияқты диагноз жиі қойылатын болды. Баяғыда атын естімеген аурулар неге белең алды?

– Бұл диагноздар бұрын да болған. Бірақ, қазіргі кезде оларды анықтау әдістері жақсарды. Балалардың даму ерекшеліктері ертерек байқалып, дер кезінде диагноз қойылып жатыр. Бұған қоса қоршаған орта, тамақтану, экология, стресс деңгейі секілді факторлар да әсер етпей қоймайды. Бұрын балалар бос уақытын қозғалыста өткізсе, қазір телефон мен планшетке көп уақыт бөледі. Бұл олардың сенсорлық даму қабілетін тежеп, жүйке жүйесіне әсер етеді.

– Кейбір аурулардың көбеюіне телефонның әсері барын өзіңіз де айтып отырсыз. Бұл қаншалықты дәлелді? Телефоннан енді ажырай алмайтынымыз анық, өзіміздің, балалардың денсаулығын қалай сақтаймыз?

– Телефон мен планшеттің балаға әсері туралы зерттеулер жетерлік. Ұзақ уақыт экранға қарау көздің көру қабілетінің, ұйқы сапасының бұзылуына, жүйке жүйесінің қозуына әкеп соғады. Әсіресе, оңсолын танып үлгермеген балалардың миы сыртқы тітіркендіргіштерге өте сезімтал. Сондықтан экранға тәуелділік олардың сөйлеу, ойлау, эмоционалдық дамуын баяулатуы мүмкін. Бірақ, бұл – заман талабы. Сондықтан телефонды мүлдем алып қою мүмкін емес. Оның орнына баланың күн тәртібін реттеп, телефон уақытын шектеу керек. Мысалы, 3 жасқа дейін телефонды мүлдем бермесе, 6 жасқа дейін күніне 30 минуттан аспағаны дұрыс.

– Анасының көңіл-күйі баласына беріледі деседі. Кішкентай пациенттеріңіздің арасында ауруы анасына тікелей байланысты жағдайлар кездесе ме? Ана да, бала да сау болуы үшін қандай кеңес бересіз?

– Анасының эмоционалды жағдайы балаға тікелей әсер ететіні шындық. Перинаталды кезеңде ананың күйзелісі баланың жүйке жүйесінің дамуына ықпал етеді.

Менің тәжірибемде мазасыз, жиі жылайтын, ұйқысы бұзылған балалар көп кездеседі. Олардың аналары көбіне жүктілік кезінде стресс, қорқыныш, шаршау сияқты қиындықтарды бастан өткерген. Сондықтан әйелдерге өздерін күтіп, психологиялық денсаулығына мән беруге кеңес беремін. Бала сау болуы үшін, ең алдымен, ана бақытты болуы керек. Дұрыс тамақтану, жеткілікті демалу, эмоционалды қолдау – бәрі маңызды. Егер ана өзін жақсы сезінсе, ол баласына да жағымды әсер етеді.

– Балалардың тілі көбіне кеш шығатын болды. Кейін сөйлеп кетеді ғой деп күту дұрыс па?

– Баланың сөйлеуінің белгілі бір даму кезеңдері бар. Егер 1 жасында баланың алғашқы сөздері болмаса, 2 жасында 20-30 сөз айтпаса, 3 жасында қарапайым сөйлем құрай алмаса – бұл маманға қаралуға себеп. Ата-аналардың басым бөлігі кейін сөйлеп кетеді деп күтіп, уақытты зая кетіреді. Шындығында, сөйлеу қабілетінің кеш пайда болуы көбінесе неврология, бұлшықет немесе қан айналымындағы бұзылыстармен байланысты болуы мүмкін. Бала дер кезінде сөйлеу үшін оның моторикасын, естуін, эмоционалды байланысын дамыту қажет. Егер ата-ана күмәнданса, остеопатқа, логопедке немесе невролог-қа дер кезінде апарғаны дұрыс.

Балалар денсаулығы – үлкен жауапкершілік. Ата-аналар ұл-қызының бойынан қандай да бір ерекшелікті байқаса, уақытында маманға жүгінуі керек. Остеопатия – кешенді әдіс, ол баланың табиғи дамуына көмектеседі. Ең бастысы, балаға сеніммен қарап, оны дамытуға қолайлы жағдай жасау қажет.

– Балалар ауырмасын! Уақыт бөлгеніңіз үшін рақмет!

Сұқбаттасқан
Н. САНИЯЗОВА.
Қызылорда облысы.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН

ЕНДІ ЖЕКЕ КУӘЛІКТІ ОНЛАЙН АУЫСТЫРА АЛАСЫЗ

Тиісті бұйрықты Ішкі істер министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі әзірледі.

Жаңашылдық ел азаматтарына төлқұжаттар мен жеке куәліктерді жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты электронды үкімет порталы мен мобильді қосымшалар арқылы ауыстыруға мүмкіндік береді.

«Жобаның мақсаты – 2026 жылдың 1 наурызына дейін қолданыстағы тәртіпке балама ретінде «Қазақстан Республикасының азаматтарына төлқұжаттарды, жеке куәліктерді беру» мемлекеттік қызметін көрсетуді онлайн форматқа көшіру (пилоттық жоба)», делінген хабарламада.

«ST» АҚПАРАТ.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ ШЫМКЕНТ ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті «QazaqGaz Aimaq» АҚ Шымкент өндірістік филиалының тауарлық газды бөлшек саудада өткізу қызметіне алдағы уақытта бағасының көтерілетіні туралы хабарламасы бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 19 наурызда сағат 11:00-де** Шымкент қаласы, Диваев көшесі 148 мекенжайында өтеді.

Жария тыңдауға қатысуға депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының барлық аудан тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Департаменттің парақшасында жария тыңдауға қатыса (https://www.facebook.com/DKREMMNERKSHYMKENT/?modal=admin_todo_tour) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады:

8 (7252) 32-15-05, 45-43-11.

В ГОРОДЕ ШЫМКЕНТ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО УВЕДОМЛЕНИЮ ШПФ АО «QAZAQGAZ AIMAQ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Шымкент сообщает о проведении публичного слушания по уведомлению Шымкентского производственного филиала «QazaqGaz Aimaq» о предстоящем повышении цены на услуги розничной реализаций товарного газа.

Публичное слушание состоится **19 марта 2025 года в 11:00 часов** по адресу: г.Шымкент, ул. Диваева 148.

На публичное слушание приглашаются депутаты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что потребители г.Шымкент, всех районов и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичном слушании также и в режиме онлайн на странице Департамента в социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/DKREMMNERKSHYMKENT/?modal=admin_todo_tour).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам:

8 (7252)32-15-05, 45-43-11.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 20 наурызда сағат 10:00-де** «Оралснабконтракт» ЖШС-ның кірме жолдарын беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекітуге ұсынылған өтінімін қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды, мекен жайы: БҚО, Орал қаласы, Потанин көшесі 14 мекенжайында өткізіледі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по ЗКО сообщает, что **20 марта 2025 года в 10:00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы ТОО «Оралснабконтракт» на услуги по предоставлению подъездных путей по адресу: ЗКО, город Уральск, ул. Потанина, 14.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 20 наурызда сағат 11:00-де** «Ақмектеп Су» ЖК-ның суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекітуге ұсынылған өтінімін қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды, мекен жайы: БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Ұялы ауылы, Х.Маданов көшесі, №6 әкімшілік ғимараты мекенжайында өткізіледі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по ЗКО сообщает, что **20 марта 2025 года в 11:00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы ИП «Акмектеп Су» по услугам подачи воды по распределительным сетям, по адресу: ЗКО, Бокейординский район, с. Уялы, ул. Х.Маданова, административное здание №6.

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДА «ЭПК-FORFAIT» ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті электр энергиясын жабдықтау жөніндегі қызметтердің шекті бағасын ұлғайту туралы «ЭПК-forfait» ЖШС -ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 17 наурызында сағат 15.00-де** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 177а, 4 қабат, мәжіліс залында өткізіледі.

Жария тыңдау офлайн режимде өтеді. Болмаған жағдайда «ZOOM» қосымшасы арқылы қатыса аласыз, сонымен қатар Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде онлайн режимде де өткізіледі

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: : 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ГОРОДЕ КОСТАНАЙ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «ЭПК-FORFAIT»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ТОО «ЭПК-forfait» об увеличении предельной цены на услуги по снабжению электрической энергии.

Публичное слушание состоятся **17 марта 2025 года в 15.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, ул. Гоголя 177а, 4 этаж, конференц зал.

Публичное слушание пройдет в офлайн-режиме. В случае отсутствия можете принять участие подключаясь посредством приложения «ZOOM», а также ведется прямая трансляция на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook».

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДА «АУЫЛ-СУ» МКК ӨТІНІМІ БОЙЫНША КӨПШІЛІК ЖАРИЯ ТЫҢДАУЫ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті «Ауыл-су» МКК суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф жобасын қарау бойынша тұтынушыларды көпшілік жария тыңдауға шақырады.

Көпшілік жария тыңдауы **2025 жылғы 19 наурызда сағат 11.00-де** Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32 мекенжайы бойынша, Павлодар ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Тікелей эфир Департаменттің «Facebook»-тегі ресми парақшасында (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562) өтеді.

Анықтама телефоны: Департамент – 615955.

В ГОРОДЕ ПАВЛОДАРЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «АУЫЛ-СУ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области приглашает потребителей на публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа ГКП «Ауыл-су» на услуги по подаче воды по распределительным сетям.

Публичное слушание состоится **19 марта 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Павлодарская область, город Павлодар, улица Каирбаева 32 актовый зал акимата Павлодарского района.

Прямой эфир будет транслироваться на официальной странице Департамента в «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Справки по телефону: Департамент – 615955.

Газетіміздің келесі саны 13 наурыз, бейсенбі күні шығады.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 197